

Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Атлант Шарты Ұйымы арасындағы
Ауғанстандағы қауіпсіздікке жәрдемдесу халықаралық күштерінің қызметіне қатысу
туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 сәуірдегі № 961 Жарлығы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Атлант Шарты Ұйымы арасындағы Ауғанстандағы қауіпсіздікке жәрдемдесу халықаралық күштерінің қызметіне қатысу туралы ноталар алмасу нысанындағы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) жобасы макулдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қанат Бекмұрзаұлы Саудабаев Қазақстан Республикасының атынан Келісімге қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

Казакстан

Республикасы

Президентінің

2010

1

с ə у i р д е г i

№ 9 6 1

MAKY

Жоба

Хефарн

Мартебелі

Мырзага

Жоғары Мәртебелі

1. Мен Ауғанстандағы қауіпсіздікке жәрдемдесу халықаралық күштерінің (бұдан әрі ҚЖХК деп аталатын) мандатын кейіннен ұзарта отырып БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2002 жылғы 23 мамырдағы № 1413 қарапымен, 2002 жылғы 27 қарашадағы № 1444 қарапымен және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2003 жылғы 13 қазандағы № 1510 қарапымен ұзартылған Ауғанстандағы қауіпсіздікке жәрдемдесу халықаралық күштерін құру үшін негіз болып табылатын, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2001 жылғы 20 желтоқсандағы № 1386 қарапына және ҚЖХК миссиясының өкілеттігін ұзартатын БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің басқа да қаарларына сілтеу жасауды құрмет санаймын.

2. Осы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларына сәйкес Солтүстік Атлант Шарты

Ұйымы (бұдан әрі НАТО деп аталатын) 2003 жылғы 11 тамызда ҚЖХК-ға басшылық жасауды өзіне алды. Кейіннен Солтүстік Атлант кеңесі (бұдан әрі САК деп аталатын) ҚЖХК-ны одан әрі кеңейту бойынша келісімін білдірді.

3. Осыған байланысты бұрын болып өткен талқылаулар мен мәлімдемелерді негізге ала отырып, мен НАТО мақұлдаған және куәландырған жағдайда Қазақстан Республикасының ҚЖХК-ға контингент беру туралы ұсынысын ризашылықпен қабылдаймын. Менің түсінігімше, Қазақстан Республикасының ниеті өзара келісу бойынша ұзартылуы мүмкін кем дегенде алты ай мерзімге ҚЖХК-ға қатысу болып табылады. Сонымен қатар, мен ҚЖХК-дағы әскери бөлімшелердің үздіксіз қызметінің маңыздылығын атап өткім келеді және егер өзге тәртіп келісілмесе, қазақстандық контингент, оларды шығару жоспарланған күнге дейін кем дегенде 3 ай бұрын ҚЖХК қолбасшылығын (бұдан әрі COMISAF деп аталатын) алдын ала хабардар етпей шығарылмайтын болады дегенге Сіздің келісіміңізді сұрағым келеді.

4. ҚЖХК-ны құру қағидаттары, міндеттері мен жауапкершілігі БҮҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тиісті қарапарында және НАТО жедел жоспарлау құжаттарында жазылған. Менің түсінуімше, қатысуға қатысты Сіздің тұпкілікті шешіміңіз Сіздің осы құжаттардың талаптарын қабылдауыңызға байланысты болады. Мен қазақстандық контингенттің операция жүргізу кезеңінде осы құжаттардың талаптарына және оларға енгізілген кез келген өзгерістерге сәйкес әрекет ететін болады дегенге Сіздің келісіміңізді

сұраймын.

5. Сіздің назарыңызды БҮҰ Қауіпсіздік Кеңесінің № 1386 қаравына және БҮҰ Қауіпсіздік Кеңесінің оған қатысы бар кейінгі басқа да қарапарына, енгізілген өзгерістерімен Тұрақты жұмыс істейтін үкіметтік институттарды қалпына келтіргенге дейінгі Ауғанстандағы уақытта тетіктер туралы келісімге (Бонн келісімі деп аталатын), 2002 жылғы 4 қаңтардағы Әскери-техникалық келісімге және Ауғанстан аумағында болған уақыттағы ҚЖХК-ның және олардың құрамдас бөлімдерінің құқықтарына, міндеттемелеріне, басымдықтары мен иммунитеттеріне қатысты жасасылуы мүмкін басқа да келісімдерге аударамын. Мен Сіздің ұлттық контингенттің құзыретті органдарының Сіздің жеке құрамыңыз тиісті тәртіпті сақтауға кепілдік беретініне және Сіздің жеке құрамыңыз жасауы мүмкін қандай да қылмыс немесе тәртіптік бұзушылыққа қатысты сот төрелігіне жолдайтынына қажетті шараларды қабылдайтынын Сіз растайсыз деп ойлаймын.

6. САК-пен келісілген ҚЖХК жедел жоспарларына және ҚЖХК мандатымен байланысты басқа да кейінгі жедел жоспарларға сілтеу жасай отырып, мен ҚЖХК үшін берілген ұлттық контингенттердің операция аймағына келгеннен және оларға ҚЖХК қойған міндетті орындауға дайын ретінде бағалағаннан кейін, кем дегенде, Еуропадағы НАТО Біріккен Қарулы күштері Жоғарғы Бас қолбасшысының (бұдан әрі SACEUR деп аталатын) жедел басқаруына берілетініне және НАТО бекіткен Қаруды қолдану ережелерінің субъектілері болатынына қатысты Сіздің келісуіңізді сұраймын.

COMISAF ұлттық контингенттерді контингент қолбасшылығының ұсынымдарын ескере отырып, олардың мүмкіндіктеріне сәйкес пайдаланатын болады.

7. Осы операция үшін өзіне жалпы жауапкершілікті алатын SACEUR бұдан кейін өз кезегінде COMISAF-қа нұсқау беретін Біріккен құштер қолбасшысы ретінде «Брунссум» НАТО құштері Біріккен қолбасшылығының Қолбасшысын (бұдан әрі JFC деп аталатын) тағайындаиды. SACEUR JFC қолбасшылығына құштерді жедел басқаруды береді, ол өз кезегінде бұдан әрі осы өкілеттіктерді COMISAF-қа береді. COMISAF ұлттық контингенттерге оларға белгіленген бағыныстырық тәртібі бойынша бұйрықтар береді. НАТО-ға мүше емес елдер ұлттық қолбасшылықты өз контингенттерімен сақтаиды.

8. Қазақстан Республикасы мен НАТО арасында құпия мәліметтер алмасу 1996 жылғы 31 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Атлант Шарты Ұйымы арасындағы Қауіпсіздік туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қазақстан Республикасы операцияға қатысты саяси сипаттағы сұраптарды НАТО Бас хатшысына жолдауы мүмкін.

10. Осы Келісім құшіне енгеннен кейін Сіздің елдің ҚЖХК-ға қатысуы үшін қаржылық жауапкершілік мынадай түрде айқындалатын болады.

10.1. Қазақстан Республикасы қазақстандық контингенттің жеке құрамын, олардың қарулары мен жабдықтарын, НАТО тарапынан шығыстарсыз, өзара келісілген ротациялау кестесіне сәйкес белгіленген кету пунктінен операциялар аймағындағы оларды орналастыру орнына дейін және кері тасымалдау үшін жауапкершілікті көтереді.

10.2 Қазақстан Республикасы, НАТО тарапынан шығыстарсыз, операциялар аймағында өз жеке құрамын тамақтандырумен, тұрумен, жанар-жагар май материалдарымен және медициналық көмекпен қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларға негізгі қолдау көрсетуге жауапкершілікті көтереді. Осылайша, қазақстандық контингенттің өз міндеттерін орындау кезінде қолданатын жабдықтарын ұсынбайды және оған қызмет көрсетпейді.

10.3. Қазақстан Республикасы НАТО тарапынан шығыстарсыз, өз жеке құрамына ақшалай жабдықталымды, қосымша төлемдерді, жәрдемақыларды, күнделікті шығыстарды, іссапар төлемдерін және әскери іс-қимылдар театрында орналастыру кезінде, әдетте, осындаи тектегі жеке құрамға төленетін басқа да төлемдерді төлеуге жауапшілікті көтереді.

10.4. Қазақстан Республикасы өз жеке құрамын, НАТО тарапынан шығыстарсыз, оның міндеттерін орындау үшін қажетті қарумен және басқа да керек-жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша шығыстарды төлемейді және өтемейді.

10.5. НАТО Қазақстан Республикасына ҚЖХК үшін бөлінген контингентті қамтамасыз ету бойынша шығыстарды төлемейді және өтемейді.

10.6. НАТО-ның қандай да бір штабындағы ұлттық өкілдікке Қазақстан

Республикасының

есебінен

төлөнеді.

10.7. Контингент бөлетін НАТО елдері мен басқа да елдер бір-біріне және НАТО-ға мүше емес және контингент бөлген басқа да елдерге өздеріне жататын немесе пайдаланатын мүлікке келтірілген зиян, ҚЖХК-дағы олардың контингенттерінің жеке құрамына жасалған дене зақымданулары үшін шағымданудан бас тартады. Осы Келісімге қол қоя отырып, Қазақстан Республикасы осы міндеттемелерді қабылдайды.

10.8. Қазақстан Республикасын қоса алғанда, контингент бөлген елдер және ҚЖХК-ның басқа да құрамдас бөліктері үшінші Тараптарға келтірілген зиян бойынша жауапты болады. Үшінші Тараптардың барлық шағымдары COMISAF белгілеген ресімдерге сәйкес қаралатын болады және зиян үшін жауапты елге шешім қабылдау үшін берілетін болады.

11. Осы нотада көзделмеген кез келген мәселелер Қазақстан Республикасының жауапкершілігінде болады және НАТО-ның немесе ҚЖХК-ның кез келген басқа да ұлттық құрамдас бөліктерінің қандай да бір қаржылық міндеттемелеріне әкеп соқтырайды.

12. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін жазбаша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Бұл хаттамалар Қазақстан Республикасының оларды ратификациялау туралы жазбаша хабарламасын НАТО алған күнінен бастап күшіне енеді.

13. Осы Келісім ҚЖХК мандаты кезеңіне жасалады және Тараптардың біреуі оның қолданылуын тоқтатуға өзінің ниеті туралы, тоқтату күшіне енген күніне дейін туындаған талаптарды шешуді қоспағанда, басқа Тараптың дипломатиялық каналдар арқылы тиісті жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап үш ай өткенге дейін қүшіндеп қалады.

14. Осы хат пен Сіздің мемлекетіңіздің жоғарыда көрсетілген шарттарға келісімін растайтын Сіздің жауабыңыз НАТО Қазақстан Республикасының осы Келісімді ратификациялау туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасы мен НАТО арасындағы келісімді құрайтынын ұсынуды құрмет тұтамын.

Солтүстік Атлант
Шарты Ұйымының (НАТО)

Бас Хатшысы

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2010

жылғы

1

сөүірдегі

№

961

Жарлығымен

МАҚҰЛДАНҒАН

Жоба

Астана қ. 2010 жылғы

**Н А Т О Б а с Х а т ш ы с ы
Ж оғ а р ы М ә р т е б е л і**

мырзага

Жоғары Мәртебелі,

Бұгін, 2010 жылғы _____ мыналар жазылған Сіздің нотаңызды алғанымды хабарлауды құрмет санаймын:

«1. Мен Ауғанстандағы қауіпсіздікке жәрдемдесу халықаралық күштерінің (бұдан әрі ҚЖХК деп аталатын) мандатын кейіннен ұзарта отырып БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2002 жылғы 23 мамырдағы № 1413 қарапымен, 2002 жылғы 27 қарашадағы № 1444 қарапымен және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2003 жылғы 13 қазандағы № 1510 қарапымен ұзартылған Ауғанстандағы қауіпсіздікке жәрдемдесу халықаралық күштерін құру үшін негіз болып табылатын, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2001 жылғы 20 желтоқсандағы № 1386 қарапына және ҚЖХК миссиясының өкілеттігін ұзартатын БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің басқа да қарапларына сілтеу жасауды құрмет санаймын.

2. Осы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарапларына сәйкес Солтүстік Атлант Шарты Үйыми (бұдан әрі НАТО деп аталатын) 2003 жылғы 11 тамызда ҚЖХК-ға басшылық жасауды өзіне алды. Кейіннен Солтүстік Атлант кеңесі (бұдан әрі САҚ деп аталатын) ҚЖХК-ны одан әрі кеңейту бойынша келісімін білдірді.

3. Осыланысты бұрын болып өткен талқылаулар мен мәлімдемелерді негізге ала отырып, мен НАТО мақұлдаған және куәландырған жағдайда Қазақстан Республикасының ҚЖХК-ға контингент беру туралы ұсынысын ризашылықпен қабылдаймын. Менің түсінігімше, Қазақстан Республикасының ниеті өзара келісу бойынша ұзартылуы мүмкін кем дегенде алты ай мерзімге ҚЖХК-ға қатысу болып табылады. Сонымен қатар, мен ҚЖХК-дағы әскери бөлімшелердің үздіксіз қызметінің маңыздылығын атап өткім келеді және егер өзге тәртіп келісілмесе, қазақстандық контингент, оларды шыға жоспарланған күнге дейін кем дегенде 3 ай бұрын ҚЖХК қолбасшылығын (бұдан әрі COMISAF деп аталатын) алдын ала хабардар етіп шығарылмайтын болады дегенге Сіздің келісіміңізді сұрағым келеді.

4. ҚЖХК-ны құру қағидаттары, міндеттері мен жауапкершілігі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тиісті қарапларында және НАТО жедел жоспарлы құжаттарында жазылған. Менің түсінуімше, қатысуға қатысты Сіздің түпкілікті шешіміңіз Сіздің осы құжаттардың талаптарын қабылдауыңызға байланысты болады. Мен қазақстандық контингенттің операция жүргізу кезеңінде осы құжаттардың талаптарына және оларға енгізілген кез келген өзгерістерге сәйкес әрекет ететін болады дегенге Сіздің келісіміңізді сұрағым .

5. Сіздің назарыңызды БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің № 1386 қарапы және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің оған қатысы бар кейінгі басқа қарапларына, енгізілген

өзгерістерімен Тұрақты жұмыс істейтін үкімет институттарды қалпына келтіргенге дейінгі Ауғанстандағы уақытша тетіктер туралы келісімге (Бонн келісімі деп аталатын), 2002 жылғы 4 қаңтарда Әскери-техникалық келісімге және Ауғанстан аумағында болған уақытта ҚЖХК-ның және олардың құрамдас бөлімдерінің құқықтарын міндеттемелеріне, басымдықтары мен иммунитеттеріне қатысты жасасылуы мүмкін басқа да келісімдерге аударамын. Мен Сіздің ұлттық контингенттің құзыретті органдарының Сіздің жеке құрамыңыз тиісті тәртіпті сақтауға кепілдік беретініне және Сіздің жеке құрамыңыз жасауы мүмкін қандай да қылмыс немесе тәртіптік бұзушылыққа қатысты сот төрелігі жолдайтынына қажетті шараларды қабылдайтынын

Сіз растаісыз деп ойлаймын.

6. САК-пен келісілген ҚЖХК жедел жоспарларына және ҚЖХК мандатымен байланысты басқа да кейінгі жедел жоспарларға сілтеу жасай отырып, мен ҚЖХК үшін берілген ұлттық контингенттердің операция аймағына келгеннен және оларға ҚЖХК қойған міндетті орындауға дайын ретінде бағалағаннан кейін, кем дегенде, Еуропадағы НАТО Біріккен Қарулы күштері Жоғарғы Бас қолбасшысының (бұдан әрі SACEUR деп аталатын жедел басқаруына берілетініне және НАТО бекіткен Қаруды қолдану ережелерінің субъектілері болатынына қатысты Сіздің келісуінізді сұраймын COMISAF ұлттық контингенттерді контингент қолбасшылығының ұсынымдарын ескере отырып, олардың мүмкіндіктеріне сәйкес пайдаланатын болады.

7. Осы операция үшін өзіне жалпы жауапкершілікті алатын SACEUR бұдан кейін өз кезегінде COMISAF-қа нұсқау беретін Біріккен қүштер қолбасшысы ретінде «Брунссум» НАТО қүштері Біріккен қолбасшылығының Қолбасшысын (бұдан әрі JFC деп аталатын) тағайындаиды. SACEUR JFC қолбасшылығына қүштерді жедел басқаруды береді, ол өз кезегінде бұдан әрі осы өкілеттіктерді COMISAF-қа береді. COMISAF ұлттық контингенттерге оларға белгіленген бағыныстылық тәртібі бойынша бұйрықтар береді. НАТО-ға мүше емес елдер ұлттық қолбасшылықты өз контингенттерімен сақтаиды.

8. Қазақстан Республикасы мен НАТО арасында құпия мәліметтер алмасу 1996 жылғы 31 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Атлант Шарты Ұйымы арасындағы Қауіпсіздік туралы келісімге сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қазақстан Республикасы операцияға қатысты саяси сипаттағы сұрақтарды НАТО Бас хатшысына жолдауы мүмкін.

10. Осы Келісім күшіне енгеннен кейін Сіздің елдің ҚЖХК-ға қатысуы үшін қаржылық жауапкершілік мынадай түрде айқындалатын болады.

10.1. Қазақстан Республикасы қазақстандық контингенттің жеке құрамын, олардың қарулары мен жабдықтарын, НАТО тарапынан шығыстарсыз, өзара келісілген ротациялау кестесіне сәйкес белгіленген кету пунктінен операциялар аймағындағы оларды орналастыру орнына дейін және кері тасымалдау үшін жауапкершілікті көтереді.

10.2. Қазақстан Республикасы, НАТО тарапынан шығыстарсыз, операциялар аймағында өз жеке құрамын тамақтандырумен, түрумен, жанар-жағар май материалдарымен және медициналық көмекпен қамтамасыз етуге, сондай-ақ оларға негізгі қолдау көрсетуге жауапкершілікті көтереді. Осылайша, қазақстандық контингенттің өз міндеттерін орындау кезінде қолданатын жабдықтарын ұсынбайды және оған қызмет көрсетпейді.

10.3. Қазақстан Республикасы НАТО тарапынан шығыстарсыз, өз жеке құрамына ақшалай жабдықталымды, қосымша төлемдерді, жәрдемақыларды, құнделікті шығыстарды, іссапар төлемдерін және әскери іс-қимылдар театрында орналастыру кезінде, әдетте, осындай тектегі жеке құрамға төленетін басқа да төлемдерді төлеуге жауапкершілікті көтереді.

10.4. Қазақстан Республикасы өз жеке құрамын, НАТО тарапынан шығыстарсыз, оның міндеттерін орындау үшін қажетті қарумен және басқа да керек-жабдықтармен қамтамасыз етеді.

10.5. НАТО Қазақстан Республикасына ҚЖХК үшін бөлінген контингентті қамтамасыз ету бойынша шығыстарды төлемейді және өтемейді.

10.6. НАТО-ның қандай да бір штабындағы ұлттық өкілдікке Қазақстан Республикасының есебінен төленеді.

10.7. Контингент бөлетін НАТО елдері мен басқа да елдер бір-біріне және НАТО-ға мүше емес және контингент бөлген басқа да елдерге өздеріне жататын немесе пайдаланатын мүлікке келтірілген зиян, ҚЖХК-дағы олардың контингенттерінің жеке құрамына жасалған дene зақымданулары үшін шағымданудан бас тартады. Осы Келісімге қол қоя отырып, Қазақстан Республикасы осы міндеттемелерді қабылдайды.

10.8. Қазақстан Республикасын қоса алғанда, контингент бөлген елдер және ҚЖХК-ның басқа да құрамдас бөліктері үшінші Тараптарға келтірілген зиян бойынша жауапты болады. Үшінші Тараптардың барлық шағымдары COMISAF белгілеген рәсімдерге сәйкес қаралатын болады және зиян үшін жауапты елге шешім қабылдау үшін берілетін болады.

11. Осы нотада көзделмеген кез келген мәселелер Қазақстан Республикасының жауапкершілігінде болады және НАТО-ның немесе ҚЖХК-ның кез келген баска да ұлттық құрамдас бөліктерінің қандай да бір қаржылық міндеттемелеріне әкеп соқтыраймыды.

12. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін жазбаша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Бұл хаттамалар Қазақстан Республикасының оларды ратификациялау туралы жазбаша хабарламасын НАТО алған күнінен бастап қүшіне енеді.

13. Осы Келісім ҚЖХК мандаты кезеңіне жасалады және Тараптардың біреуі оның қолданылуын тоқтатуға өзінің ниеті туралы, тоқтату қүшіне енген күніне дейін

туындаған талаптарды шешуді қоспағанда, басқа Тараптың дипломатиялық каналдар арқылы тиісті жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап ұш ай өткенге дейін
күшіндегі

қалады.

14. Осы хат пен Сіздің мемлекетіздің жоғарыда көрсетілген шарттарға келісімін растайтын Сіздің жауабыныз НАТО Қазақстан Республикасының осы Келісімді ратификациялау туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енетін Қазақстан Республикасы мен НАТО арасындағы келісімді құрайтынын ұсынуды құрмет тұтамын.

Әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің ережесін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасы атынан бұдан бүрін болып уағдаластықтарды бекітуді өзіме құрмет санаймын, сондай-ақ Жоғары Мәртебелі Сіздің нотаңыз берілген осы нота Қазақстан Республикасы Солтүстік Атлант Шарты Ұйымы арасындағы Ауғанстандағы қауіпсіздікке жәрдемдесу халықаралық күштерінің қызметіне қатысу туралы нота алмасу нысанындағы Келісімді құрайды, ол НАТО Қазақстан Республикасының осы Келісімді ратификациялағаны туралы жазбаша алған күні күшіне енетін болады.

Жағдайды пайдалана отырып, Сізге деген жоғары құрметімді білдіремін.

Қазақстан Республикасы
Аттынан